

«Самұрық-Қазына»
АҚ Басқармасының
2012 жылғы 2 қазандағы
шешімімен бекітілген
№ 39/12 хаттамасы

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес ұйымдарына қатысты

дивидендтік саясаты

1. Жалпы ережелер

1.1. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес ұйымдарына қатысты осы Дивидендтік саясаты (бұдан әрі – Дивидендтік саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Жарлығына (бұдан әрі – Қор), Қорды дамытудың 2012-2022 жылдарға арналған стратегиясына және оның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Дивидендтік саясат Қордың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен «Самұрық - Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұлттық даму институттарымен, ұлттық компаниялармен және басқа да заңды тұлғалармен (бұдан әрі - Компания) Қорға тиесілі акциялар пакетіне немесе қатысу үлесіне дивиденттердің төлем мәселелері бойынша қарым-қатынас негіздерін белгілейді.

Осы саясат мақсатында дивиденд ретінде Компаниялардың есеп беру мерзіміндегі қызметі нәтижелеріне/ біріктірілген қаржылық есебіне сәйкес, Компаниялардың жарғылық капиталындағы Қорға тиесілі акциялар негізінде (қатысу үлесіне) төленетін Компанияның таза табысының бөлігі түсініледі.

Қарым-қатынас негіздері бекітілген даму стратегиясына, сонымен бірге Компаниялардың уәкілетті органдарының қаржылық-шаруашылық қызметтерін қорытындылау жұмыстары аясында жасалған ұсыныстарына сәйкес Компаниялардың таза табысын бөлу және қайта инвестициялау есепке алына отырып, қарастырылады.

1.3. Қорға дивиденд төлеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен, Компаниялар жарғысымен, сонымен бірге Жалғыз акционердің (акционерлердің жалпы жиналысы) немесе Компанияның барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлғасы акционерлік қоғамның, Компанияның - жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз қатысушысы (қатысушылардың жалпы жиналысы) қабылдаған тиісті шешімдерімен реттеледі.

2. Дивидендтік саясаттың мақсаты және негізгі қағидаттары

2.1. Дивидендтік саясаттың мақсаты дивиденд мөлшерін, төлемдердің шарттары мен тәртібін анықтау кезінде оның алдынала болжанғандығын және ашықтығын, Қор мен Компания мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету болып табылады.

2.2. Дивидендтік саясаттың негізгі қағидаттары:

- Қордың мемлекеттік акциялар пакетіне Қордың дивидендтік кепілдендірілген төлемдерін қамтамасыз ету және Қордың жалғыз

акционерінің тапсырмалары бойынша төлемдерді, шығындарды жүзеге асыру қағидаты;

- Қор есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық жобалар мен қызметтің жаңа түрлерін қаржыландыруды қоса алғанда, Қор қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидаты;

- Компаниялардың дамуына, соның ішінде инвестициялық қызметіне жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру қажеттілігі қағидаты.

2.3. Қордың пайдасына Компаниялардың есептеген дивидендтер мөлшері Қордың қаржыландыруға арналған ақшалай қажеттілігін жабуы тиіс:

- Қордың мемлекеттік акциялар пакетіне дивиденд төлемдері;
- Қордың жалғыз акционерінің тапсырмасымен берілген төлемдер мен шығындар;

- Қордың ағымдағы қызметі;

- Қор есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық жобалар мен қызметтің жаңа түрлері.

3. Дивидендтердің мөлшерін анықтау тәртібі

3.1 Компанияларға қатысты төленетін дивидендтердің мөлшері қаржылық тұрақтылығы мен өтімділігі көрсеткіштерінің негізінде айқындалатын олардың қаржылық-экономикалық жағдайы мен жетілу деңгейіне қарай сараланып анықталады.

3.2 Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Дивидендтік саясатқа және Компаниялардың жарғыларына сәйкес Компаниялардың уәкілетті органдары Компаниялардың өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және бір жыл ішіндегі дивиденд мөлшері туралы ұсыныс дайындайды.

3.3 Дивидендтердің мөлшері туралы түпкілікті шешім акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) немесе Компанияның - акционерлік қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлға, Компанияның - жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз қатысушысы (қатысушылардың жалпы жиналысы) арқылы қабылданады.

3.4. Компаниялардың төлемге ұсынатын дивидендтерінің мөлшері дивидендтерді есептеудің төменде берілген әдістемесімен анықталады.

Төмендегі барлық көрсеткіштердің есебі:

- Компанияның аудиттік тексерістен өткен қаржылық есептеме мәліметтері;
- дивидендтер есептелетін мерзімдегі басқарушылық есеп акпаратының (қаржылық есептемеге қажетті деректер болмаған жағдайда) негізінде жүзеге асырылады.

Дивидендтерді есептеу келесі ретпен орындалады:

- 1-кезең. Ақпаратты жинау және дайындау;
- 2-кезең. Дивидендтер мөлшерін есептеу;
- 3-кезең. Компаниялар жасасқан келісімшарттарда белгіленген дивиденд төлемдері жөніндегі шектеулерді сақтау шарттарының орындалуын тексеру (ковенанттар).

Есептеу кезеңдерінің сипаттамасы

1-кезең. Ақпаратты жинау және дайындау

Бұл кезеңде келесі құжаттар жиналып, жүйеленеді:

- Компанияның аудиторлық тексерістен өткен қаржылық есебі;
- қаржылық есептеме мәліметтері қамтылмайтын, көрсеткіштердің осы есебінде қолданылатын мәндерді анықтау үшін қажетті басқа да құжаттар мен Компанияның басқарушылық есебінің деректері.

2-кезең. Дивиденд төлемінің мөлшерін есептеу

Компанияның дивиденд төлемінің мөлшерін есептеу белгілі бір мерзім (бұдан әрі – Мерзім) аралығында жүзеге асырылады.

Компания Мерзім ішінде біріктірілген таза шығынға ие болған жағдайда, дивидендтер есептелмейді.

Ұлттық даму институттары Мерзім ішінде есептейтін дивидендтердің ең аз мөлшері мерзім ішінде біріктірілген таза табыстың 15%-ына тең. Ұлттық даму институттары Мерзім ішінде есептейтін дивидендтердің ең көп мөлшері мерзім ішінде біріктірілген таза табыстың 100%-ына тең. Ұлттық даму институттарының Мерзім ішінде есептейтін дивидендтерінің соңғы нақты мөлшері акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз акционердің) немесе 2.2-тармақта белгіленген қағидаттарға сәйкес барлық дауыс беретін акцияларды иеленетін тұлғаның шешімімен белгіленеді.

Қалған компаниялар үшін дивиденд төлемдерінің мөлшері мынадай тәртіппен:

- Компанияның жетілу деңгейіне;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның борышты басқару және қаржылық тұрақтылығы Саясатына (бұдан әрі – борышты басқару және қаржылық тұрақтылығы саясаты) сәйкес Компанияның қысқа және ұзақ мерзімді қаржылық тәуекелдерін сипаттайтын, төменде келтірілетін қаржылық көрсеткіштері негізінде анықталатын, Мерзім соңындағы Компанияның қаржылық-экономикалық жағдайына;
- мерзім ішінде жүзеге асырылған және пайда есебінен игеруге Қордың Инвестициялық-инновациялық комитеті мақұлдаған Компанияның инвестициялық шығыстарына;
- мерзім ішінде жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-

конструкторлық жұмыстарға бөлінген Компанияның капиталдандырылған шығыстарына;

• мерзім ішінде Компания жүзеге асырған және мерзім ішіндегі қаржылық есептемеде тиісті түрде көрсетілген Компания акционеріне басқа да бөлулерге байланысты анықталады.

Дамып-жетілу дәрежесін айқындау мақсатында Компаниялар «Жетілген» және «Жетілуші» болып бөлінеді.

«Жетілген Компания» – қызметі тұрақты (оң) таза табысының, тұрақты ақша қаражатының ағындары мен кіріс көздерінің болуымен сипатталатын, нарықта орнықты үлеске ие Компания.

«Жетілу үстіндегі Компания» - тұрақты оң таза табысының болмауымен немесе табысының Компанияның тұрақты жұмыс істеуін, қызметін кеңейтуді, Компания құнын ұлғайтуды қамтамасыз ете алмайтын көлемде ғана болуымен сипатталатын, қалыптасу кезеңінде тұрған Компания.

«Жетілу үстіндегі компаниялар» үшін дивидендтердің есебі мынадай үлгіде жүзеге асырылады:

$$\text{Дивидендтер} = \text{ШТП} * 15\%$$

мұндағы ШТП – Мерзім ішіндегі Компанияның шоғырландырылған таза пайдасы.

«Жетілген компаниялар» үшін дивиденд төлемі мынадай үлгіде жүзеге асырылады:

$$\text{Дивидендтер} = \text{ең жоғарғы } \{ \text{БТП} * 15\%; \text{БТП} * \text{Дивиденд_есептеу пайызы-Бас_бөлу-Инв_шығыстар-ҒЗТКЖ шығыстары} \}$$

мұндағы БТП – Компанияның Мерзім ішіндегі біріктірілген таза пайдасы;

Басқабөлу–Компания акционерінің тапсырмасы бойынша Компанияның Мерзім ішінде жүзеге асырған және Мерзім ішіндегі қаржылық есептемеде сәйкесінше көрсетілген Компания акционеріне бөлінетін басқа бөлулер;

Инв_шығыстар – Компанияның Қор Инвестициялық-инновациялық комитеті мақұлдаған табыс есебінен игеруге жұмсайтын және Мерзім ішінде жүзеге асырылған инвестициялық шығыстары;

ҒЗТКЖ шығыстары – Мерзім ішінде жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік - конструкторлық жұмыстарға бөлінген шығыстар;

Дивиденд_есептеу пайызы – Компанияның қаржылық жағдайының деңгейіне байланысты айқындалатын дивидендтерді есептеу пайызы.

Дивиденд_есептеу пайызы - (Мерзім ішіндегі Компаниялардың Қаржылық есеп мәліметтері мен борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясаты негізінде) мынадай тәртіппен есептеледі:

1. Қаржылық тұрақтылық және өтімділік коэффициенттері есептеледі (Борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатында көрсетілген Компанияның ерекшеліктерін ескере отырып):

$$K1 = \left\{ \begin{array}{l} \text{Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер} \\ \frac{\text{Қарыз + NPV жалдау операцияларының міндеттемелері}}{\text{Капитал}} \quad \text{ («Эйр Астана» АҚ үшін)} \\ \frac{\text{Қарыз}}{\text{Капитал}} \quad \text{(қалған Компаниялар үшін)} \end{array} \right.$$

$$K2 = \left\{ \begin{array}{l} \text{Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер} \\ \frac{\text{Қарыз + NPV жалдау операцияларының міндеттемелері}}{EBITDAR} \quad \text{ («Эйр Астана» АҚ үшін)} \\ \frac{\text{Қарыз}}{EBITDAR} \quad \text{ («Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ үшін)} \\ \text{(қалған Компаниялар үшін)} \end{array} \right.$$

$$K3 = \frac{\text{Ағымдағы активтер}}{\text{Ағымдағы міндеттемелер}}$$

Борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатына сәйкес әр Компания үшін K1 және K2 коэффициенттерінің шекті жоғары мәндері белгіленеді: K1MAX және K2MAX.

K1, K2 және K3 әрбір коэффициенті үшін мына кестеге сәйкес осы коэффициенттердің іс жүзіндегі мәніне байланысты балдар шығарылады:

№	Көрсеткіш	1-Формула бойынша	3 балл
1	2	3	4
1	K1	0-K1MAX	K1MAX
2	K2	0- K2MAX	K2MAX
3	K3	1,0 артық	0- 1,0

Жоғарыдағы кестенің 4-бағанындағы балдар төмендегі формулалар арқылы есептеледі:

$$\text{Балл}(K1, K2) = \frac{\text{Мәндер}(K1, K2) \times 2}{K_{\text{МАХ}}(K1, K2)} \times 3$$

$$\text{Балл } K3 = \frac{3}{K3 \text{ мәні}}$$

мұндағы

- Мәндер (K1, K2, K3) - K1, K2, K3 коэффициенттерінің нақты мәндері;

- $K_{\text{МАХ}}$ (K1, K2) – 3-бағанда көрсетілген K1, K2 коэффициенттері аралығындағы ең жоғарғы мәндері.

Бұдан кейін балл жиынтығы есептеледі

$$\Sigma \text{балл} = \text{Балл } K1 + \text{Балл } K2 + \text{Балл } K3$$

2. Компания балдарының сомасына байланысты келесі кестеге сәйкес деңгейлерге бөлінеді:

Деңгей	Балл жиынтығы
А	$0 < \Sigma < 7$
В	$\Sigma \geq 7$

3. Дивидендтерді есептеу пайызы деңгейге байланысты анықталады:
- «А» деңгейі үшін дивидендтердің пайызы келесі формулаға сәйкес 15%-100% аралығында өзгеріп отырады:

$$\text{Дивиденд_есептеу пайызы} = 100\% - 85\% * \Sigma \text{балл} / 7$$

- «В» деңгейі үшін дивидендтерді есептеудің пайыздық мөлшері 15%-ға тең.

3-кезең. Компаниялар жасасқан келісімшарттарда белгіленген дивиденд төлемдері жөніндегі шектеулерді сақтау шарттарының орындалуын тексеру (ковенанттар)

Компаниялар жасасқан келісімшарттарда белгіленген шектеулерден асатын сомаға Компанияның (ковенанттар) дивидендтерін есептеуге жол берілмейді.

Егер дивидендтердің 2-кезеңінде есептелген сомасы Компаниялар

(ковенанттар) жасасқан келісімшарттарда белгіленген шектеулерден асса, онда мұндай сома төлемнің шегіне жеткенгенге дейінкему жағына қарай түзету енгізіледі.

Болашақта Компаниялар жасасатын бірде-бір келісімшарт Компаниялардың дивидендтік төлем бойынша қандай да бір шектеулерін енгізбеуі тиіс. Кезкелген жағдайда осындай шектеулер Қор Басқармасымен алдын ала келісілуі тиіс.

3.5 Дивидендтерді есептеу пайызына қатысты жоғарыда көрсетілген әдістеме ережелері «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ға, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға қолданылмайды.

4. Дивидендтік төлемдерді уақытылы жүзеге асыру үшін жауапкершілік

4.1 Компанияның дивидендтік төлем мәселелері бойынша барлық іс-шараларының дайындығын, үйлестірілуін және өткізілуін Компанияның атқарушы органы жүзеге асырады. Дивидендтік төлемдерді уақытылы жүзеге асыру үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның жарғысына сәйкес Компанияның атқарушы органына жүктеледі.

5. Қорытынды ережелер

5.1 Осы Дивидендтік саясат 5.1-тармақ ережелерін есепке ала отырып, Қор Басқармасымен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

2012 жыл ішіндегі қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша осы Дивидендтік саясаттың 3.5-тармағында көрсетілген ұлттық даму институттарын қоспағанда Компаниялар төлейтін дивидендтердің мөлшері осы Мезгіл ішіндегі біріктірілген таза пайданың 15%-ына тең.

Келесі Мерзімдер ішіндегі қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша Компаниялардың дивидендтік төлем мөлшері осы Дивидендтік саясаттың 3-бөлімінде көрсетілген дивидендтерді есептеу әдістемесіне сәйкес айқындалады.

5.2 Осы Дивидендтік саясатта белгіленген тәртіппен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар, олар енгізілгеннен кейін, келер жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.